

# DIDAR



№17 (18331) • 11 АҚПАН • 2023 ЖЫЛ • СЕНБІ

SHYGYZ QAZAQSTAN OBLYSTYQ GAZETI

WWW.DIDAR-GAZETI.KZ • 1931 ЖЫЛДЫҢ 24 ҚАЗАНЫНАН ШЫҒАДЫ

ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ

## Өскеменде жаңа автобустар көбейеді

Аймақ басшысы Даниал Ахметов өскемендік «Vosca» серіктестігі сатып алған жаңа автобустардың техникалық мүмкіндігімен танысып, қоғамдық көліктердің 2021-2025 жылдарға арналған жаңарту бағдарламасына сәйкес алынғанын атап өтті.

Ержан ӘБІШ

— 2021-2022 жылдары өскемендік тасымалдаушылар 71 автобус сатып алған. Быыл 77 автобус алуды жоспарлауда. Бұл көліктер экологиялық тұрғыдан таза, Еуро 5 стандартына сәйкес келеді. Жылжымалы құрамды жаңарту бағдарламасы 2025 жылға дейін жалғаспақ, — деді облыс әкімі.

«Yutor» маркалы 10 автобусты «Vosca» ЖШС өнеркәсіпті дамыту қорының лизингтік бағдарламасы аясында 650 миллион теңгеге сатып алған. Көліктер Қарағанды облысының Саран қаласында жасалыпты. Қала әкімдігінің мәліметінше, олар — 92 адам сый алатын 12 метрлік автобустар, орын саны — 32. Бастысы, мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін қолайлы, механикалық пандуспен, мүгедектер арбасына арналған орындармен жабдықталған.

Өткен жылдың соңында «Рост» жолаушы тасымалдаушы компаниясы лизинг шарты шеңберінде Семейде құрастырылған «Daewoo» маркалы 10 автобус алған болатын. Оларға 105 адам сыйды, орындық саны — 20. Барлық жаңа автобустар дизель отынымен жүреді.

«Рост» ЖШС алдағы уақытта тағы 10 «Daewoo» автобусын алуды көздеп отыр. Өскемендегі қалған бес тасымалдаушы кәсіпорын да қоғамдық көліктерін жаңартуды жоспарлауда.

ТАСҚЫНҒА — ТОСҚЫН

## Қар суынан келер қауіп аз, дегенмен...

Самар ауданында көктемгі су тасқынынан қауіп аз болғанымен, жергілікті билік тұрғындарға үй маңындағы арықтарды тазалап қоюды ескертті.

Аудан әкімдігінің хабарлауынша, Самар өңіріне бүгінде қарғын судан келер қауіп аз. Дегенмен көктемге қарай күннің күрт жылынуы, я болмаса жауын-шашынның нормадан тыс жаууы сияқты табиғаттың тосын мінезіне қашанда дайын болуы керек.

Осыған орай жақында аудан әкімінің төрағалығымен құрылған комиссия аудан аумағындағы гидротехникалық нысандардың көктемгі су тасқынына дайындығын пысықтап қайтты.

Мұндай жұмыстардың уақтылы атқарылуы төтенше жағдайдың алдын алуға және осы мәселеге жауапты органдар арасындағы байланысты нығайтуға септігін тигізетіні белгілі. Сондай-ақ тексерулер қиын-қыстау кезеңдерде мекемелердің қоян-қолтық жұмыс істеуіне де мүмкіндік береді.

► 2

ТҮЙТКІЛ

## ҚАРЫЗ ДӘПТЕРІ ҚАЛЫҢДАП КЕТТІ



Қайтадан құрылған Самар ауданында алғаш рет кәсіпкерлер форумы өтті. Ауылда өткен форумда ауыл кәсіпкерлері өздерін алаңдатып жүрген жайттарды жеткізіп, мәселелерін шешуді өтінді.

Жанаргүл МҰҚАТАЙ

«Атамекен» ҰКП өңірлік филиалының мамандары, аудан басшылары, аудан прокуроры, бақылаушы-қадағалаушы органдардың өкілдері қатысқан форумда самарлық кәсіпкерлер өздерін толғандырып келе жатқан сауалдарды ортаға салды.

— Форум екі сағаттан астам уақытқа созылды. Форум аяқталғаннан кейін де келіп, қордаланып қалған мәселелерін айтқан кәсіпкерлер қаншама. Осы орайда аудан прокуроры Айдос Тұрсыновтың аудандағы шағын және орта кәсіпкерліктің мүддесін қорғауға, мәселелерін шешуге барынша қолдау көрсетіп отырғанын айтқым келеді. Ауданда кәсіпкерлік субъектілерін қорғау жөніндегі жол картасының жобасы жасалып, бекітілді. Енді осы нақты жоспар бойынша жұмыс істейміз, — дейді өңірлік кәсіпкерлер палатасының құқықтық мәселелер жөніндегі

орынбасары Әлия Мұқашева.

Форумда самарлық кәсіпкерлер ауданның тұрмыс-тіршілігіне, бизнестің түрлі салаларына қатысты 25-тен астам мәселе көтерді.

Кәсіпкерлер, әсіресе сауда және қызмет көрсету саласындағы кәсіпкерлік субъектілеріне мониторинг жасайтын топтың міндеттері мен құқықтары төңірегінде көп сауалдар қойып, өңірлік кәсіпкерлер палатасына мониторингтік топтың тексеру алгоритмінің жадынамасын жасап шығаруды өтінді.

Аудандағы несие серіктестіктерінің «Ертіс» ӘКК алдындағы жауапкершіліктері мен міндеттемелеріне қатысты проблемалар да өзекті болып отыр. Аталған мәселені аудан прокуроры бақылауына алып, оны шешудің оңтайлы жолын табуды қарастыру жол картасына енгізілді.

Бүгінде Самар ауданына қатынайтын автобус жоқ. Қайта құрылған

жаңа аудандағы жолаушылар тасымалының ежелден келе жатқан проблемасы өте өзекті болып тұр. Аудан орталығында Kaspi терминалы жоқ. Электр энергиясының жетіспеушілігі елді мекендегілерге кәсіпкерлікпен айналысуға айтарлықтай кедергі келтіріп отыр. Осының бәрі осы күнге дейін шешімін таппай, жабулы қазан күйінде келе жатыр.

Форумда айтылған тағы бір мәселе — Самар ауданындағылардың дүкен иелері алдындағы дер уақытында қайтарылмай жатқан бәрі. Иә, бұл күнде қымбатшылық әсіресе ауылдағыларды қаты қысып отырғаны бәріне белгілі. Самар ауданында ғана емес, басқа ауылдарда да күнделікті тамағына дейін қарызға алатындардың, тіпті нанның өзін жаздырып алатындардың көбейіп бара жатқаны белгілі, биліктерді алаңдатуы тиіс. Тоқтаусыз қымбаттап бара жатқан азық-түлік жергілікті дүкендердегі қарыз дәптерін тіптен қалыңдатып жіберген. Бұл ауыл кәсіпкерлерінің, нәпақасын саудасаттықтан тауып отырғандардың жұмысына кері әсерін тигізіп отыр.

ҚЫСҚА-НҰСҚА

Облыс орталығында Түркия мен Сириядағы зілаладан зардап шеккендерге жылу жинау пункті ашылды. Гуманитарлық көмек үелі Астана қаласына, содан кейін Түркия мен Сирияның жер сілкінісі болған аймақтарына жөнелтіледі. Пункт Карбышев көшесі, 54 мекенжайында орналасқан. Жұмыс кестесі — 09.00-ден 18.00-ге дейін.

Күршім ауданының Қалжыр ауылында заманға сай жабдықталған дәрігерлік амбулатория ашылды. Медициналық мекеме бір ауысымда 20 адамды қабылдай алады. Мұнда жергілікті тұрғындардан бөлек көршілес Жаңаауыл, Қазақстан, Тақыр ауылдарының халқы да келеді. Амбулаторияның бес төсектік күндізгі стационары бар.

Жеңілдетілген автонесиеге 13 шығысқазақстандық өтінім беріп үлгерген. 6 ақпанда жеңілдікпен автонесиеау бағдарламасы бойынша өтінімдер қабылдауға арналған autonesie.kz сайты іске қосылған болатын. Жеңілдікпен берілетін 761 көлікке өтініштер қабылдау небәрі 18 секундта аяқталды.

Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры Шығыс Қазақстанда қар барысын іздеу басталғанын мәлімдеді. Экспедиция кезінде зоологтар мен инспекторлар фототүзақтар орнатып, бұрынғы камераларды тексереді. Сондай-ақ заңсыз құрылған ау-қақпандарды құртады. Мамандар барыстың биоматериалын жинап, молекулалық-генетикалық талдау жүргізбек.

ВАЛЮТА БАҒАМЫ

|    |           |
|----|-----------|
| \$ | 452.39 ТГ |
| €  | 486.82 ТГ |
| ₸  | 6.22 ТГ   |
| ¥  | 66.75 ТГ  |

КҮН РАЙЫ

## Ақпан жауын-шашынды болады

Еліміздің оңтүстігі, оңтүстік-шығысы мен шығысында ақпан айы негізінен жылы әрі жауын-шашынды болады деп күтілуде. Бұл туралы «Қазгидромет» хабарлайды.

Ағымдағы айда температуралық фон жоғарылап, қатты жаңбыр жауған жағдайда таулы аймақтарда еріген қар мен жаңбыр суынан ауқымды тасқын болуы ықтимал.

Ақпан айында ел аумағының басым бөлігінде ауа температурасы нормаға жуық болады. Ал республиканың оңтүстік және шығыс өңірлерінде негізінен жылы және жауын-шашынды ауа райы орнауы мүмкін, деп хабарлайды «Қазгидромет».

Ал, «Қазселденқорғау» мекемесінің облыстық филиалы хабарлағандай, алдағы бірнеше күнде өңірде көшкін қаупі күшейе түспек.

— Жауын-шашынға және желдің күшеюіне байланысты таулы аймақтарда қар көшкіні болуы ықтимал, — деп мәлімдейді «Қазселденқорғау» ММ облыстық филиалы.

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мамандары тұрғындарға жақын күндері тауға сапарға шығудан бас тартуға кеңес береді.

Сәрсен Қабылым

|          |          |        |
|----------|----------|--------|
| Ауа райы |          |        |
| СЕНБІ    | -8° -11° | 3 мм/с |
| ЖЕКСЕНБІ | -5° -10° | 3 мм/с |
| ДҮЙСЕНБІ | -3° -7°  | 5 мм/с |

ЖАН ЖЫЛУЫ

## Кәсіпкерлер үй сатып берді

Қуанышты жаңалық. Асыраушысынан айырылған көпбалалы анаға кәсіпкерлер баспана сатып берді.



Аудан басшысы Алматы Ақышовтың өтініші бойынша басқа жақта кәсіпкерін дөңгелетіп отырған кәсіпкерлер Сарыөлең ауылында тұратын жалғызбасты көпбалалы анаға үй алып берді.

Сарыөлең ауылдық округінің әкімі Серік Ақсартов жалғызбасты ананың ауыр жағдайы туралы аудан әкіміне айтқан. Жағдайдан толық хабардар болған аудан басшысы 2022 жылы асыраушысынан айырылып, тағдырдың сынағына тап болған көпбалалы анаға көмектесуге ниетті демеуші тапқан. Бес бүлдіршінің үлкені төртінші сыныпта оқыса, кенжесі әлі жасқа толмаған жалғызбасты ананың қолында 80 жасқа келген енесі бірге тұрады. Бұрынғы тұрған үйлері апаттық жағдайда деп танылып, тұруға болмайтын дәрежеге жеткен. Осындай қиыншылыққа бетпе-бет келген қайсар ананың

қолтығынан сүйеп, басына баспана сыйлаған азаматтарға кейуана ақ батасын берді. Округ әкімшілігі азаматтардың демеушілігімен ауласын қардан тазартып, жаңа қонысқа отын-көмір түсіріп берген.

— Бес балам бар. Бұрынғы үйіміз тұруға жарамсыз болғандықтан басқа баспана сатып алуға жағдайымыз келмей отырған болатын. Біздің осындай қиыншылығымызды ескерген аудан әкіміне, қолдау көрсеткен кәсіпкерлерге рахметімді айтамын, — дейді Сарыөлең ауылының тұрғыны, көпбалалы ана Арайлым Серікханова.

80 жастағы қарт әжей Бикамал Алиақперқызы қыстың ішінде баспана әперіп, отын-көмірін түсірген азаматтарға ақ батасын берді.

Көгедай Шәмерханұлы

Күршім ауданы.

Сайлау учаскесінде дауыс беру тәртібі

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІНДЕРІНЕ ЕНГІЗҮ



Сайлаушылар тізіміне тұрғылықты жері бойынша тіркелген ҚР азаматтары енгізіледі

Сайлаушы өзінің болатын жері бойынша учаске тізіміне енгізу жөнінде әкімдікке өтініш беруге құқылы



Азамат сайлаушылардың бір ғана тізіміне ене алады

Сайлаушылар тізімінде бар-жоғын тексеріп немесе тізімге енгізу үшін қайда жүгіну қажет екенін әкімдіктің сайтында немесе жергілікті атқарушы органның Call-орталығына қоңырау шалу арқылы тексеруге болады





## Ақпараттық хабарлама

2023 жылғы 10 ақпанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңына сәйкес №9 облыстық округтік сайлау комиссиясымен Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаттығына кандидаттарды тіркеу жүргізілді:

**Мартыненко Ольга Владимировна**, 1957 жылы туған, «№1 мектеп-лицей» КММ тарих мұғалімі, Риддер қаласында тұрады;  
**Анцугин Александр Михайлович**, 1968 жылы туған, «Казцинк» ЖШС «Казцинкмаш» ӨК директоры, Риддер қаласында тұрады;

№№1, 2, 3, 7, 8, 9 округтік сайлау комиссияларымен Риддер қалалық мәслихатының депутаттығына кандидаттарды тіркеу жүргізілді:  
№ 1 округтік сайлау комиссиясымен:

**Бакибаева Гульнара Саттаровна**, 1961 жылы туған, «Риддер тарихи-өлкетану мұражайы» КМҚК директоры, Риддер қаласында тұрады;  
**Ибраева Гульзира Кенжебековна**, 1985 жылы туған, «Риддер қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және АХАТ бөлімі» ММ үйдегі көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімшесінің меңгерушісі, Риддер қаласында тұрады;  
**Канапиянов Есилхан Каирбекович**, 1963 жылы туған, «№5 орта мектебі» КММ директоры, Риддер қаласында тұрады;  
**Бельская Наталья Васильевна**, 1996 жылы

туған, жеке кәсіпкер, Риддер қаласында тұрады.

№ 2 округтік сайлау комиссиясымен:  
**Винокурова Людмила Николаевна**, 1963 жылы туған, «Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы» РММ директорының орынбасары, Риддер қаласында тұрады;

**Екимова Елена Николаевна**, 1973 жылы туған, «Риддер қаласының халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ директорының орынбасары, Риддер қаласында тұрады;

**Нужных Евгения Сергеевна**, 1977 жылы туған, Риддер қалалық мәслихатының төрағасы, Риддер қаласында тұрады;

**Крушинский Валерий Владиславович**, 1966 жылы туған, жеке кәсіпкер, Риддер қаласында тұрады;

№ 3 округтік сайлау комиссиясымен:  
**Бестужева Марина Петровна**, 1965 жылы туған, «Риддер қаласы бойынша білім бөлімінің «Балалар музыка мектебі» КМҚК директоры, Риддер қаласында тұрады;

**Иванова Светлана Егоровна**, 1965 жылы туған, «Риддер қаласы бойынша білім бөлімінің «Балалар көркем мектебі» КМҚК директоры, Риддер қаласында тұрады;

**Стребков Виктор Григорьевич**, 1960 жылы туған, «Фирма «Эталон» ЖШС директоры, Риддер

қаласында тұрады;

№ 7 округтік сайлау комиссиясымен:  
**Петрунина Светлана Николаевна**, 1966 жылы туған, «Республикалық мамандандырылған олимпиадалық резерв мектеп-интернат-колледжі» РММ мұғалімі, Риддер қаласында тұрады;

**Наговицын Григорий Николаевич**, 1962 жылы туған, уақытша жұмыссыз, Риддер қаласында тұрады;

**Титарева Юлия Владимировна**, 1974 жылы туған, «АМАНАТ» партиясы» ҚБ ШҚО Риддер қалалық филиалының төрағасы, Риддер қаласында тұрады;

№ 8 округтік сайлау комиссиясымен:  
**Суворова Елена Владимировна**, 1976 жылы туған, «Казцинк» ЖШС РТК өндірістік қызметтің аудиті бойынша жетекші маманы, Риддер қаласында тұрады;

**Кудрявцева Лариса Викторовна**, 1971 жылы туған, «Казцинк» ЖШС байыту фабрикасының кәсіподақ комитетінің төрағасы, Риддер қаласында тұрады;

**Донцова Евгения Андреевна**, 1989 жылы туған, «Казцинк» ЖШС әкімшілік мәселелер жөніндегі басқарманың әлеуметтік қолдау қызметінің маманы, Риддер қаласында тұрады;

**Касанбаева Ляззат Ерсынқызы**, 1993 жылы

туған, «Севгидропроект» ЖШС директоры, Риддер қаласында тұрады;

№ 9 округтік сайлау комиссиясымен:  
**Елтайлы Олжас**, 1990 жылы туған, «№7 арнайы мектеп-интернат» КММ бастауыш сынып мұғалімі, Риддер қаласында тұрады;

**Китаппаева Гульнар Социаловна**, 1962 жылы туған, «Риддер қалалық ауруханасы» ШЖҚ КМК бас дәрігері, Риддер қаласында тұрады;

**Айдарбекова Ботагоз Асылбаевна**, 1980 жылы туған, «№7 арнайы мектеп-интернат» КММ қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі, Риддер қаласында тұрады;

№5, №7 округтік сайлау комиссияларымен Күршім аудандық мәслихаты депутаттығына кандидаттарды тіркеу жүргізілді:

**Омаров Махамбет Амантаевич**, 1989 жылы туған, «Қалжыр ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маманы, Күршім ауданының Қалжыр ауылында тұрады;

**Катанова Достық Даулетшарович**, 1985 жылы туған, «СК Kaz-Alem» ЖШС-нің директоры, Күршім ауданының Сарыелен ауылында тұрады;

**Ералимов Медет Болатович**, 1989 жылы туған, «QazConstructions» құрылыс компаниясының директоры, Күршім ауданының Сарыелен ауылында тұрады.

## Ақпараттық хабарлама

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңына сәйкес 2023 жылғы 9 ақпанда №10, №11 облыстық округтік сайлау комиссияларымен Шығыс Қазақстан облысы мәслихатының депутаттығына кандидаттарды тіркеу жүргізілді:

№ 10 облыстық округтік сайлау комиссиясымен:  
**Борбасов Сәтбек Ергалиевич**, 1983 жылы туған, Сербрянск қаласының ШЖҚ КМК бас дәрігері, Алтай ауданы Сербрянск қаласында тұрады;

**Коробейникова Елена Ивановна**, 1981 жылы туған, Алтай ауданының «Горняк» мәдени демалыс орталығы» директоры, Алтай ауданының Алтай қаласында тұрады;

**Джангирчинов Ренат Сансызбаевич**, 1974 жылы туған, гидротехникалық станция бастығы, Алтай ауданы Алтай қаласында тұрады;

№ 11 облыстық округтік сайлау комиссиясымен:  
**Макарова Светлана Сергеевна**, 1983 жылы туған, «СЮН» КММ педагог-психологы, Алтай ауданы Алтай қаласында тұрады;

**Шушенкова Алена Павловна**, 1964 жылы туған, Алтай ауданының аумақтық орталығының директоры, Алтай ауданының Алтай қаласында тұрады;

**Михайленко Игорь Владимирович**, 1966 жылы туған, «Тепловодоцентральный» КМК бас инженері, Алтай ауданының Алтай қаласында тұрады;

**Лисавцова Майна Александровна**, 1978 жылы туған, Алтай жоғары колледжінің директоры, Алтай ауданы Алтай қаласында тұрады;

№ 1 округтік сайлау комиссиясымен Глубокое аудандық мәслихаты депутаттығына кандидаттарды тіркеу жүргізілді:

**Жармухаметов Еран Рамазанович**, 1992 жылы туған, «Госстрой» ЖШС директоры, Глубокое ауданы Глубокое кентінде тұрады.

№№1, 2, 6, 11 округтік сайлау комиссияларымен Зайсан аудандық мәслихаты депутаттығына кандидаттарды тіркеу жүргізілді:

**Бошаков Манарбек Шошабаевич**, 1960 жылы туған, «Еркебулан» шаруа қожалығының жетекшісі, Зайсан қаласында тұрады;

**Бейсенбаев Малик Абшукурович**, 1957 жылы туған, зейнеткер, Зайсан қаласында тұрады;

**Самарханов Берік Кенесбекулы**, 1974 туған, ШҚО цифрландыру және архивтер басқармасының Мемлекеттік архив» КММ Зайсан филиалы, Ғимаратқа қызмет көрсету технигі, Зайсан қаласында тұрады;

## Ақпараттық хабарлама

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңына сәйкес 2023 жылғы 10 ақпанда № 1 округтік сайлау комиссиясымен Алтай аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттарды тіркеу жүргізілді:

**Байкушев Каирды Айткешевич**, 1965 жылы туған, «Санур-Агро» ЖШС директоры, Алтай ауданы Алтай қаласында тұрады;

№№3, 4, 5, 8, 10, округтік сайлау комиссияларымен Глубокое аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттарды тіркеу жүргізілді:

№3 округтік сайлау комиссиясымен:  
**Жансаянов Рамзан Серікбаевич**, 1984 жылы туған, «BM Factory Project» ЖШС диспетчері, Глубокое ауданы Глубокое кентінде тұрады;

**Горбачева Светлана Анатольевна**, 1974 жылы туған, Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы Глубокое ауданы бойынша білім бөлімінің «Белоусовка бастауыш мектеп-балабақша кешені» КММ директоры, Глубокое ауданы Белоусовка кентінде тұрады;

№4 округтік сайлау комиссиясымен:  
**Рахимжанова Айтканын Камалевна**, 1966 жылы туған, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС жанындағы АМАНАТ партиясының Шығыс Қазақстан филиалының есеп және статистика секторының меңгерушісі, Глубокое ауданы Белоусовка кентінде тұрады;

**Есеев Ринат Нурланович**, 1987 жылы туған, Глубокое балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің волейбол бойынша жаттықтырушы-мұғалім, Глубокое ауданы Глубокое кентінде тұрады;

№5 округтік сайлау комиссиясымен:  
**Шапошникова Ирина Николаевна**, 1977 жылы туған, Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы Глубокое ауданы бойынша білім бөлімінің «Белокаменка негізгі мектебі» КММ директоры, Глубокое ауданы Белоусовка кентінде тұрады;

**Курманғалиев Олег Ержанович**, 1975 жылы туған, Глубокое РЭС бастығы, Глубокое ауданы Пропорщикова ауылында тұрады;

№8 округтік сайлау комиссиясымен:  
**Касымова Маржан Ержановна**, 1986 жылы туған, ШҚО «Глубокое ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ директоры, Өскемен қаласында тұрады;

№10 округтік сайлау комиссиясымен:  
**Доскалиева Сауле Жуандықовна**, 1961 жылы туған, Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы Глубокое ауданы бойынша білім бөлімінің «О.Бөкей атындағы қазақ орта мектебі» КММ директоры, Глубокое ауданы Глубокое кентінде тұрады;

№№2, 8 округтік сайлау комиссияларымен Зайсан аудандық мәслихаты депутаттығына кандидаттарды тіркеу жүргізілді:

№ 2 округтік сайлау комиссиясымен:  
**Жапсарбаев Болат Шамарович**, 1962 туған, жеке кәсіпкер, Зайсан қаласында тұрады;

№ 8 округтік сайлау комиссиясымен:  
**Ошакбаев Дидар Бақытбекович**, 1985 жылы туған, «Азамат» шаруа қожалығының жетекшісі, Зайсан ауданы Біржан ауылында тұрады;

## Ақпараттық хабарлама

2023 жылғы 9 ақпан күні «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңына сәйкес №№1, 2, 6, 11 округтік сайлау комиссияларымен Зайсан аудандық мәслихатының кандидаттарды тіркеу жүргізілді:

**Бошаков Манарбек Шошабаевич**, 1960 жылы туған, «Еркебулан» шаруа қожалығының жетекшісі, Зайсан қаласында тұрады;

**Бейсенбаев Малик Абшукурович**, 1957 жылы туған, зейнеткер,

## Қоғамдық тыңдау

17.03.2023 ж. сағат 15.00-де Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Маралды а.о., Маралды а., Ш.Уәлиханов к. 58, Шығыс Қазақстан облысында 2020 жылғы 18 қарашадағы № 964-ЕЛ лицензиясы бойынша іздеу-бағалау жұмыстарын жүргізуге арналған геологиялық барлау жоспары бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдау өтеді.

Жобалық құжаттама пакетімен біріңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ecorportal.kz/>, сондай-ақ ЖАО сайтында «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ е-portal.gov.kz «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде.

Барлық ескертүүлەر және / немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ Өскемен қаласы, К.Либкнехт көшесі, 19 мекенжайы бойынша «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ қабылданды, тел.: 8(7232)25-70-82. Электронды мекенжайы: a.eldarbekova@akimvko.gov.kz.

Бақытбекқызы Жансаяның №132 адвокаттық-стажорлық өту күәлігі (жарамды уақыты 27.01.24 ж.) жоғалғандықтан жарамсыз деп танылсын.

Карантиндік шектеулер ұзартылған жағдайда тыңдаулар Zoom платформасындағы бейнеконференцбайланыс арқылы онлайн режимінде өтеді. Тыңдауға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us05web.zoom.us/j/4259079442?pwd=aXNDdzJrSTAVUjRkSHRNTlprdENLZD09>

Конференция идентификаторы: 425 907 9442. Құпия сөз: 123456.

Қатысушыларды тіркеу талқылау басталғанға дейін 1 сағат бұрын жеке күәлікті көрсеткен кезде жүргізіледі.  
Тапсырыс беруші – «А-Mining» ЖШС, Алматы қаласы, Амангелді көшесі, 49 А, БСН 200940006082, shamil\_davil@inbox.ru.  
Өсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар пакетін әзірлеуші: - «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС, Өскемен қаласы, Потанин, 35, тел., факс: (8-7232) 76-70-39 e-mail: uklad@mail.ru Қосымша ақпаратты электронды пошта арқылы алуға болады shamil\_davil@inbox.ru.

Мухитова Эльвираның №133 адвокаттық-стажорлық өту күәлігі (жарамды уақыты 27.01.24 ж.) жоғалғандықтан жарамсыз деп танылсын.

## Құттықтаймыз!

**Тарбағатай ауданы, Ақмектеп ауылында тұратын Перизат құдағиыңыз 75 жас мерейтойымен құттықтаймыз!**

Бала-шағаңыздың ортасында Алланың берген жасын жасап, ұзақ та, бақытты өмір сүруіңізге тілектеспіз!



**Ізгі ниетпен: құда-құдағиыңыз-Кансабек-Жәкіш, жолдастарыңыз-Тұрсан-Рая, Кабира**

## Хабарландыру

«ГРК Огневский ГОК» ЖШС Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында орналасқан Бакенное сирек металдар кен орнының қорын жерасты өндіру бойынша тау-кен жұмыстары жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдау өткізеді. Тыңдау 30.03.2023 жылы сағат 11.00-де ШҚО, Ұлан ауданы, Огневка кенті, Панин көшесі, 2 (әкімдік ғимараты) мекенжайы бойынша өтеді.

Жобаға тапсырыс беруші – «ГРК Огневский ГОК» ЖШС, БСН 150340010651, тел: 8 747 976 3236, 8 7232 49 21 72. Мекенжайы: ҚР, ШҚО, Ұлан ауданы, Асубулак кенті, Дорожная көшесі, 16. e-mail: ognev-gok@mail.ru. Жобаны әзірлеуші – «Minerals Operating» ЖШС, БСН 181140023496, Астана қ., Маңғілік ел к-сі, 55/21, 164 кеңсе, тел: 8 778 516 0085, 8(7172) 24 72 80

Өсер ету аумағы – ШҚО, Ұлан ауданы, Огневка кенті. Жоба материалдарымен бірыңғай экологиялық порталдың (БЭП) сайтында және «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады. Қосымша ақпаратты ҚР, ШҚО, Ұлан ауданы, Асубулак кенті, Дорожная көшесі, 16 мекенжайы бойынша алуға болады. e-mail: ognev-gok@mail.ru, тел: 8 747 976 3236, 8 7232 492172. Ескертүүлер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық мекенжай бойынша қабылданады – ШҚО КИИБ a.eldarbekova@akimvko.gov.kz. Тапсырыс беруші – ognev-gok@mail.ru

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Интернеттегі байланыс сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/89926330171?pwd=ZUozT25hOShiZjNjNk1k3aXdvYtZDzO9> Конференция идентификаторы: 899 2633 0171 Кіру коды: 95Ufva

## Қоғамдық тыңдау

17.03.2023 жылы сағат 15.00-де Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Төсқайың а. о., Ұрғанай а., Абай к-сі, 163, «Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы» РММ ғимараты мекенжайы бойынша жер қойнауы М-45-111 – М-45-123 (224 224 блок) учаскеде қатты пайдалы қазбаларды Шығыс Қазақстан облысындағы Чумек алаңында темір кендерін барлауға 18.02.2016 ж. №4782-ТПИ келісімшарты бойынша барлау жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар материалдары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдау өтеді.

Жобалық құжаттама пакетімен біріңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ecorportal.kz/>, сондай-ақ «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында е-portal.gov.kz «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/press/article/details/691017directionId=-16342&lang=ru>

Барлық ескертүүлер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мерзімде, сондай-ақ мына мекенжайы бойынша қабылданады: Өскемен қаласы, К.Либкнехт көшесі, 19, «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8 (7232) 25-70-82. Электрондық мекенжайы: a.eldarbekova@akimvko.gov.kz.

Карантиндік шектеулер ұзартылған жағдайда тыңдаулар Zoom платформасындағы бейнеконференцбайланыс арқылы онлайн режимінде өтеді. Тыңдауға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет:

<https://us04web.zoom.us/j/75303174263?pwd=Nel2KWZk24tiAPKjif8zbbXj2Loaaa.1>. Конференция идентификаторы: 753 0317 4263. Құпия сөз: e1Gxw1.

Қатысушыларды тіркеу талқылау басталғанға дейін 1 сағат бұрын жеке күәлікті көрсеткен кезде жүргізіледі.

Тапсырыс беруші: “LACUS MINING (ЛАКУС МАЙНИНГ)” ЖШС, ҚР, Алматы қ., Достық даңғылы, 210, 13 қабат, БСН: 170140010688, E-mail: mustafaeva-si@mail.ru, тел: +77774149010.

Өсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар топтамасын әзірлеуші: «LegalEcologyConcept” ЖШС, Өскемен қ., Трудовая к-сі, 9, БСН: 211040029201, тел.: +7 7774149010, e-mail: mustafaeva-si@mail.ru

Қосымша ақпаратты электронды пошта арқылы алуға болады mustafaeva-si@mail.ru және тел: +7 777 414 90 10.

## Хабарландыру

20.03.2023 ж. сағат 11.00-де Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын а. о., Үлкен Нарын а., Абылай хан к-сі, 116 мекенжайы бойынша әкімдік ғимаратында М-45-98-(10д-5в-22,23,24), М-45-110-(10б-5а-2,3,4) блоктар алаңында қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына рұқсат беру құжаттамасы бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Қосымша ақпарат пен құжаттардың көшірмелерін электрондық мекенжай бойынша алуға болады borghova2014@mail.ru телефон: 87787419151.

Тапсырыс беруші: «Дария» ЖШС, БСН 131040000721. Мекенжайы Алматы қаласы, Алматы ауданы, Жібек жолы көшесі, 192-15, тел: 8-778-741-9151; e-mail: sdariya.13@gmail.com.

Әзірлеуші ЖК Дробот М. В., ЖСН 831109450605, ҚР, Астана қ., Пушкин к-сі, 15-17, borghova2014@mail.ru тел: +77787419151.

Жергілікті атқарушы орган – «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел: 8(7232)25-72-06.

Жоба бойынша құжаттама сайтта орналастырылған е-portal.gov.kz, БЭК-те ecorportal.kz «қоғамдық тыңдау» бөлімінде.

Мүдделі жұртшылықтың ескертүүлери мен ұсыныстары төмендегі мекенжай бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады: - Тапсырыс берушінің электрондық мекенжайы: sdariya.13@gmail.com; borghova2014@mail.ru.

Шығыс Қазақстан облыстық соты және Қазақстан Республикасының Судьялар одағының Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалы Өскемен қаласының №2 сотының судьясы Ақалаева Ляйля Жандосқызына әкесі **Уразаев Жандос Закирұлының** өмірден өтуіне байланысты өзіне және туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Шығыс Қазақстан облыстық соты және Қазақстан Республикасының Судьялар одағының Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалы Өскемен қалалық сотының судьясы Данышпанова Салтанат Жалелқызына анасы **Данышпанова Айдын Кенейқызының** өмірден өтуіне байланысты өзіне және туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.